

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



**БЕКІТЕМІН  
Басқарма Торагасы-Ректор  
А.Куришбаев  
2024 ж.**

**Ғылыми зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі  
комиссия жұмысы туралы  
ЕРЕЖЕ**

Е ҚазҰАЗУ 604-20

Сапа жөніндегі басшылық  
өкілі


М.Алексеева

**Алматы**

**Дайындаушылар:** П.Ибрагимов, А.Султанов, У.Керимова, К.Баймұханбетова

Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысының Ережесінде этикалық нормаларға сәйкестігі туралы мәлімдеме алу университеттің докторанттарына «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереженің» 20-тармағының талабына сәйкес диссертация қорғау үшін, зерттеу жұмысын жүргізуға әдеп нормаларын ұстануғанын анықтау тәртібі қамтылған.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесімен қаралып, мақұлданды, 13 қараша 2024ж. хаттама №4.



**Келісімделді:**

Аппарат жетекшісі

Ж.Базарбаева

(Қолы)

«15» 11

2024 г.

Құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімінің бастыбы

С. Ордабаева

(Қолы)

«15» 11

2024 г.

СМЖ қызметінің жетекшісі

А.Мыржиева

(Қолы)

«15» 11

2024 г.

## **МАЗМУНЫ**

<b>Kіріспе</b>	4
1 Жалпы ереже	5
2 Терминдер мен ұғымдар	5
3 Этикалық комиссия мүшелері мен қатысушылардың жауапкершіліктері мен міндеттері:	9
4 Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытынды алу тәртібі	11
5 Комиссия отырысын өткізу дің рәсімдік тәртібі	13
6 ҚОСЫМША А. Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссияға берілетін өтініш	15
7 ҚОСЫМША Б. Зерттеулерді этикалық бағалау бойынша комиссияның қорытындысы	16
8 ҚОСЫМША В. Ғылыми зерттеулердің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы Зерттеу бейіні бойынша сарапшы қорытындысы	17
9 ҚОСЫМША Г. Этикалық комиссия мүшелерінің қатысу парагы	18
10 ҚОСЫМША Д. Ережемен танысу парагы	19

## **Kіріспе**

«ҚазҰАЗУ» КеАК Диссертация зерттеулерін (PhD) этикалық бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) тәуелсіз сараптама жүргізуге, жоспарлау, бағалау, іріктеу, зерттеу процесінде бұзушылықтарды анықтауға және оларды жоюға жауапты сараптамалық топ болып табылады. Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жүргізу және тарату.

Ғылыми білім мен технологиялар этикасы жөніндегі дүниежүзілік комиссия әзірлеген, әлемдік қоғамдастық жалпы қабылдаған ғылыми қызмет этикасы нормаларына сүйене отырып (COMEST) және өзге де халықаралық органдар мен ұйымдар, Қазақстан Республикасының ғылыми және білім беру салаларындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамасын сақтай отырып, «ҚазҰАЗУ» КеАК-да қалыптасқан (бұдан әрі - Университет) ғылыми қызметтің, білім беру процесінің, ғалымдардың, студенттер мен білім алушылардың, ғылыми қоғамдастықтың және халықтың өзара іс-қимылдының жоғары моральдық өлшемдерін жаппай және толық көлемде сақтау қажеттігін негізге ала отырып, ғылыми (диссертациялық (PhD)) зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия өз жұмысы үшін осы Ережені (бұдан әрі-Ереже) қабылдайды.

Ереже ғылыми қызметтің, ғалымдар мен қоғамның өзара іс-қимылдының негізгі этикалық қағидаттары мен нормаларының жиынтығын білдіреді, ғылымның жекелеген мамандандырылған салаларындағы қоғамдық қатынастарға тән өзге де этикалық аспектілерді қамтыймайды.

Ереже университет докторанттарының іске асыратын диссертациялық зерттеулерінің ветеринария, ауыл шаруашылығы және биоресурстар, жаратылыстану-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігі туралы қорытынды алу тәртібін белгілеу үшін әзірленген.

Этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындыны Университет докторантурасының тұлекторіне «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереженің» 20-тармағының талаптарына сәйкес диссертация қорғау үшін, сондай-ақ докторанттардың диссертациялық зерттеулеріне қатысты даулы мәселелерді шешу үшін алу қажет.

## **1 Жалпы ереже**

1.1 Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің (бұдан әрі – ҚазҰАЗУ) зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссиясының осы жұмыс Ережесі (бұдан әрі – Ереже) университет докторанттарының жүзеге асыратын ғылыми зерттеулерінің этикалық нормаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігі туралы қорытындыны (бұдан әрі – Қорытынды) алу тәртібін белгілеу үшін өзірленді.

1.2 Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия өз қызметінде «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңын (2024.01.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен), Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-ІІІ ҚРЗ, және ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 09 қаңтардағы № 7 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені», ҚР ФЖБМ Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 14.06.24 ж. № 294 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының 2024 жылғы «27» тамыздағы № 3 шешімімен бекітілген «Ғылыми әдеп кодексін» басшылыққа алады.

1.3 Этикалық нормаларға сәйкестік туралы Қорытынды алу мүмкіндігін қамтамасыз ету ҚазҰАЗУ докторантурасының тұлектеріне «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің» талаптарына сәйкес диссертация қорғау барысында, ғылыми және ғылыми-сараптамалық қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде ғылыми әдептің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларға, мәлімдемелерге немесе әрекеттерге жол бермеу, этика нормалар бұзудың алдын-алу болып табылады.

1.4 ҚазҰАЗУ докторантурасының тұлектеріне этикалық нормаларға сәйкестік туралы Қорытынды алу ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1.5 Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияның құрамы бір жылға құрылады және ондағы өзгерістер Басқарма Төрағасы - Ректордың Бірінші орынбасарының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия төрағадан, оның орынбасарынан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия мүшелері құрамында докторантуралық білім беру багдарламалары іске асырылатын кафедра қызметкерлері, университет ғалымдары.

## **2 Терминдер мен ұғымдар**

**Автор** – шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысы жасалған жеке тұлға («Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы»).

**Автордың аффилиациясы** – ғылыми жұмыстарда, өтінімдерде, сауалнамаларда және ғылыми сыйлықтар, стипендиялар, гранттар алуға арналған басқа да құжаттарда көрсетілген ғалымның институционалдық тиесілігі, жұмыс орны.

Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

**Құжатталған ақпарат** – үйымның оны басқаруы және жұмыс жағдайында ұстауды талап етілетін ақпарат және ол ұсталатын жеткізгіш.

**Жарияланымды қайталау** – бұл автордың жарияланған зерттеулері негізінде орындалған, оларға елеусіз өзгерістер енгізілген - мақаланың атауы, аннотациясы, ішінара мәтіні және басқалары қайта жасалған немесе мақаланың басқа тілге аударылған мәтіні, сондай-ақ оларды қайталау кезінде бұрын орындалған зерттеулер туралы мәліметтерді жасыру; баспаны, журналдың редакциясын хабарламай қайта жариялау және/немесе ғылыми жұмысты негізсіз өз бетінше алу.

**Басылым** – баспа және/немесе электрондық нұсқада таралатын ғылыми журнал, конференция материалдарының жинағы, монография, монография тарауы, оқулық, оқу құралы және т.б.

**Беделі құмәнді басылымдар** – бұл ғылыми этика, жарияланымдық этика принциптерін бұзатын басылымдар, оның ішінде жариялауға түсетін жұмыстарды рецензиялау процесінің болмауы бөлігінде, басылымның мәлімделген ғылыми саласына сәйкес келмейтін жұмыстарды жариялау.

**Зияткерлік меншік** – азаматтың немесе заңды тұлғаның заңды тұлғаның зияткерлік шығармашылық қызметінің нәтижелеріне және оларға теңестірілген дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өнімдеріне, олар орындастын жұмыстарға немесе көрсетілетін қызметтерге (фирмалық атауы, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) айрықша құқығы, ол ҚР Азаматтық Регламентінде және өзге де заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда және тәртіппен танылады. (Казақстан Республикасының 125 ҚР АК).

**Халықаралық дерекқордан шығарылған басылымдар** – Web of Science, Scopus және т.б. сияқты халықаралық дерекқорлар талаптарына, оның ішінде ғылыми этика қағидаттарына сәйкес келмейтін басылымдар, соның негізінде оларды индекстеу тоқтатылды.

**Түзету (Corrigendum)** – ғылыми жұмыс мәтініндегі қателерді, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық пунктуациялық қателерді түзету.

**Мұдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте атапған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін (ҚРЗ 1-бабының 5-тармағы) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы».

**Жалған авторлық** – авторлық ұжымның құрамына ғылыми жұмысты (мақалалар, баяндамалар, монографиялар, оқулықтар және басқалар), сыйлықты, стипендияны, грантты, өнертабысқа (пайдалы модельге) патентті алуға арналған өтінімдерді және оларды жасауға жеке ғылыми үлес қоспаған адамдардың ғылыми (зияткерлік) қызметінің өзге де өнімдерін (нәтижелерін) қосу, авторлық ұжым. Лауазымдық міндеттеріне байланысты ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға байланысты кейбір құжаттарға қол қойған, сондай-ақ Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

авторға техникалық көмек көрсеткен (мөр, түзету және т.б.) адамдар авторлық ұжымның мүшелері болып таныла алмайды.

**Жас ғалым** – жасы 40-ті қоса алғандағы Университеттің ғылыми қызметкері, магистранты, докторанты, оқытушысы, ғылымның кез келген саласында ғылыми білімді жасаумен немесе практикалық қолданумен байланысты ғылыми, ғылыми-техникалық қызметпен айналысады.

**Ғылыми этика қағидаттарын бұзу** – бұл ғылыми этиканың қабылданған қағидаттарын бір мезгілде немесе жүйелі түрде сақтамау.

**Ғылыми сапа көрсеткіштері** – бұл басылымның дәйектесіздік көрсеткіштері, сондай-ақ автордың немесе ұйымның жариялау белсенділігінің индексі, журналдың ғылыми салмағына байланысты жарияланымның маңыздылығы және т.б. Авторлар мен ұйымдардың ғылыми-зерттеу қызметінің жай-күйі мен перспективалығын бағалау, оларды әртүрлі рейтингтерде салыстыру және саралау үшін пайдаланылады.

**Ғылыми бедел** – ғалымның іскерлік (кәсіби) беделінің бір түрі. Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға, сондай-ақ жеке басының қадір-қасиетіне, ар-намысина, ізгі атына, авторлық құқығына, туындыға қол сұғылмаушылық құқығына жатады (ҚР МК 115-б.). Ғылыми бедел - бұл ғалымның ғылыми, білім беру және қоғамдық қызметі процесінде қалыптасатын кәсіби және моральдық қасиеттерін қоғамдық бағалау; кәсіби ғылыми мектептің беделімен, университеттің мәртебесімен, әлемдік аренадағы мемлекеттің рейтингімен өзара байланысы бар.

**Ғылыми мақала** – бұрын жарияланбаған және жаңалыққа ие авторлық өзірлемелерді, қорытындыларды, ұсынымдарды қамтитын ғылыми зерттеудің, эксперименттік немесе талдамалық қызметтің өз қорытындылары мен аралық немесе түпкілікті нәтижелерін баяндау берілген ғылыми еңбек; немесе жалпы тақырыппен байланысты бұрын жарияланған ғылыми мақалаларды қарастыруға арналған (шолу мақаласы).

**Ғылыми этика** – бұл ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет саласында жұмыс істейтін ғалымдардың белгіленген және ғылыми қоғамдастық таныған мінез-құлық нормаларының, мораль қағидаларының жиынтығы.

**Ғылыми адалдық** – ғылыми қызметке тартылған зерттеушілер мен басқа да қызметкерлердің тиісінше авторластық, плагиат, бастапқы, аралық деректер мен ғылыми нәтижелерді қолдан жасау және бұрмалау фактілеріне жол бермеуінен көрінетін ғылыми этика элементі.

**Ғылыми-зерттеу жұмысы** – қолда бар білімді кеңейту және жана білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табигатта және қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды, ғылыми қорытуларды, жобалардың ғылыми негізdemelerін белгілеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер жүргізумен, эксперименттермен байланысты ғылыми сипаттағы жұмыс.

**Этикалық емес мінез-құлық** – осы Ережеге, өзге де жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық қағидаларына сәйкес келмейтін, ғалымдар, студенттер, басқа адамдар, ұйымдар мен мемлекет үшін теріс салдары бар, этикалық емес мінез-құлық субъектісінің өзінің кәсіби (ғылыми) беделіне теріс әсер ететін мінез-құлық; авторлардың, редакторлардың немесе Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

баспагерлердің өз мақалаларына өз бетінше рецензия берумен байланысты іс-әрекеттері, келісімшарттық және жалған лицензиялау, ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау жөніндегі агенттік қызметтерге жүгіну, авторлар құрамын бұрмалау, жалған ғылыми мәтіндерді жариялау, мақалалар мәтіндерін авторлармен келіспей басқа журналдарға беру, авторлардың материалдарын үшінші тұлғаларға беру, авторлық құқықтарды және редакциялық процестердің құпиялыштық қағидаттарын бұзу, дәйексөз келтірумен, плағиатпен, бұрмалаумен және фабрикациямен айла-шарғы жасау.

**Басып шығару (Erratum)** – әдетте кездесе отырылған мәтіндегі қате. Көбінесе, қате басу нәтижесінде сөздегі әріптердің тәртібі бұзылады, бір әріп сөзден жоғалады, артық әріп қосылады немесе бір әріп екіншісіне ауыстырылады, не ғылыми жұмыстың мағынасына әсер етпейтін жекелеген қателіктерге цифrlарда, формулаларда, схемаларда және т.б. жол беріледі. Автордың саналы түрде жіберген жүйелік қателері «Антиплағиат» жүйесінде электрондық тексеруден өту үшін заңсыз, әдепсіз шара ретінде бағалануы мүмкін.

**Түпнұсқа мәтін** – дербес шығармашылық нәтижесінде жасалған, алынбаған және аударылмаған түпнұсқа, бастапқы мәтін.

**Плағиат** – түпнұсқалық авторлығын көрсетпей (дереккөздерге сілтемесіз) бөтен, қарызға алынған мәтінді, идеяларды, жұмысты меншікті ретінде пайдалану не орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін түрдегі және көлемдегі сілтемелері бар қарызға алынған материалдарды пайдалану. Сілтемелерді бұрмалау да плағиат түрі ретінде қарастырылады. Плағиат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзу болып табылады және заңдық жауаптылыққа әкеп соғады.

**Ғылыми этика қағидаттары/этикалық қағидаттар** – ғылыми этика негізі болып табылатын ғылыми немесе ғылыми-техникалық зерттеулердің нәтижелерін баяндау кезіндегі ғылыми адалдық қағидаттары.

**Басқаның нәтижелерін иемдену** – әдейі алдау, оны ғалым немесе ғалымдар тобы лайықсыз не заңсыз пайда табу үшін жасайды.

**Жарияланымдық этика** – ғылыми жарияланымдарды жасау, тарату және пайдалану процесінде авторлардың, рецензенттердің, редакторлардың, баспагерлер мен оқырмандардың өзара қарым-қатынасын айқындайтын нормалар жүйесі. Жарияланым әдебінде редакторлардың, рецензенттер мен авторлардың міндеттері мен құқықтары, сондай-ақ мүдделер қактығысын, әдепсіз мінез-құлышты анықтау жөніндегі шаралар, мақалаларды кері қайтарып алу немесе түзету, түзетулер, кешірімдер, теріске шығару жөніндегі нұсқаулық көрсетіледі.

**Нәтижелілік** – жоспарланған міндеттер орындалған және жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілген дәреже.

**Мақаланы ретракциялау (Retraction)** – бұл әдебиетті түзетуге және оқырмандарды қате немесе қате деректері бар жарияланымдар туралы ескертуге арналған тетік, сондай-ақ олардың қорытындыларына сенуге

болмайтыны туралы мәліметтер. Жалған деректер әділ қателіктің немесе зерттеулердегі қате мінез-құлықтың нәтижесі болуы мүмкін.

**Рецензент** – ғылыми жұмыстарға, мақалаларға сараптама жүргізуге уәкілетті белгілі бір ғылыми білім саласындағы ғалым-маман.

**Ғылыми жұмысты рецензиялау** – ғылыми жұмыстың сапасын, нәтижелерді баяндаудың дұрыстығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында сол саладағы ғалым-мамандардың ғылыми жұмыстарды (мақалаларды, монографияларды, грантқа өтінімдерді, жобаны және т.б.) қарастыру рәсімі.

**Қолжазба** – редакцияға жариялау үшін берілген немесе автордың мұрағатында (кітапханаларда, коллекцияларда, мұражайларда және т.б.) сақталған бұрын жарияланбаған ғылыми еңбек, көркем және өзге де авторлық туынды.

**Өзін-өзі насиҳаттау** – автордың өзінің туындыларының көлемі жағынан елеулі және нысаны мен мазмұны жағынан ұқсас (немесе өте жақын) бөліктерін бұрын (немесе бір мезгілде) жарияланғанын көрсетпей қайталап жариялауы.

**Ғалым** – ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, ғылыми-білім беру қызметімен айналысатын ғылыми қызметкер, ҚазҰАЗУ профессорлық-окытушылық құрамының мүшесі; зерттеу жүргізу және дәріс оқу үшін ҚазҰАЗУ-ға шақырылған адамдар, ҚР БФМ гранттары және басқа да қаржы көздері бойынша жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу топтарының басшылары мен мүшелері; ғылыми редактор, рецензент, жауапты хатшы, ҚазҰАЗУ ғылыми журналдары редакциялық алқасының мүшесі.

**Фабрикация** – ғылыми жұмыстарда және/немесе басқа жұмыстарда дәлелденбеген немесе шындыққа сәйкес келмейтін деректерді ұсыну және пайдалану.

**Фальсификация (лат. falcificare - қолдан жасау)** – қолдан жасау, саналы түрде бұрмалау, жалған (түпнұсқаны, қазіргі) ауыстыру.

**Ғылыми жарияланымдар этикасы** – ғылыми жарияланымдарды жасау, тарату және пайдалану процесінде авторлар, рецензенттер, редакторлар, баспагерлер мен оқырмандар арасындағы өзара қарым-қатынастағы кәсіби мінез-құлық нормаларының заңнамаға және қабылданған этикалық нормаларға сәйкес келетін жүйесі.

**Тиімділік** – қол жеткізілген нәтиже мен жұмсалған ресурстар арасындағы қатынас.

### **3 Этикалық комиссия мүшелерінің міндеттері мен ізденушілердің жауапкершіліктері:**

3.1 Этикалық тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі Этика жөніндегі комиссия ҚазҰАЗУ ғалымдарынан тұратын тәуелсіз консультативтік-кеңесші, алқалы орган болып табылады. Комиссия тәрағадан, оның орынбасарынан, хатшыдан және Комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия құрамы Гылым департаменті директорының ұсынысы негізінде Басқарма Тәрағасы - Ректордың Бірінші орынбасарының бүйрекшімен құрылады.

Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

3.2 Этика жөніндегі комиссияның жұмысына жалпы басшылықты этика жөніндегі комиссияның тәрағасы жүзеге асырады. Комиссияның ағымдағы жұмысына тәраға мен орынбасары басшылық жасайды. Іс жүргізу хатшыға жүктеледі.

3.3 Этикалық комиссияның отырыстарын комиссия тәрағасы жүргізеді. Тәраға болмаған жағдайда әдеп жөніндегі комиссияны тәрағаның орынбасары отырысты жүргізеді. Тәраға мен тәрағаның орынбасары бір мезгілде болмаған жағдайда әдеп комиссиясының отырысы өткізілмейді. Әдеп жөніндегі комиссияның отырыстары, егер оған мүшелердің жалпы санының кемінде 2/3 қатысса, өкілетті болып саналады.

3.4 Комиссия ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттер арасындағы қатынастарды реттейтін нормаларға сәйкес жұмыс істейді. Этика жөніндегі комиссия даулы жағдайдағы қатысушы тараптардың мұдделерін, ар-намысын, абыройы мен іскерлік беделдерін қорғауға мұдделі.

Іздешілердің жауапкершілігі:

- зерттеулердің авторлары және/немесе жетекшілері ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады.

Этикалық комиссия мүшелерінің міндеттері:

- құпиялылықты сақтау шартымен алғынған шешімдерді кідірту немесе ғылыми нәтижелерді үшінші тұлғаға беру жолымен ғылыми зерттеулерді ілгерілетуге кедергі жасамауға;

- жас ғалымдардың ғылыми өсуіне белсенді жәрдемдесу;

- қарауға келіп түсетін жұмыстарды мұқият, объективті және ашық бағалауға міндетті;

- комиссия мүшелері өз міндеттерін орындау барысында алған кез келген ақпарат пен мәліметтерді таратпауға міндетті;

- этика нормаларын сақтауға байланысты мәселелер бойынша даулы тараптарын татуластыру бойынша жұмыс жүргізуге.

3.5 Этикалық комиссия отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ өтініштердің келіп тусуіне қарай өткізіледі. Отырыста қарастырылатын жұмыстардың саны үштен кем, сегізден көп болмауы қажет.

3.6 Этикалық комиссия мүшелері барлық отырыстарыға қатысуға, күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға міндетті. Этикалық комиссияның жұмыс жоспары мен күн тәртібі бойынша ұсыныстар жасауға, отырыстарда қарастырылатын жұмыстарды талқылау және оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысу. Отырыста қабылданған шешімдер қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда тәрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.7 Комиссия мүшелері ақпараттың сақталуына және мәліметтердің құпиялылығына жауап береді.

3.8 Комиссия хатшысы ағымдағы ұйымдастыру жұмыстарын, комиссия мүшелеріне келіп түсken өтінімдер негізінде отырыстың өтетін күнін хабарлауды, отырыста қабылданған шешімдер бойынша қорытындылардың дайындалуын қамтамасыз етеді. Хатшы диссертацияны қоса берілген Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

құжаттармен бірге ізденушінің зерттеу саласына сәйкес комиссия мүшелерінің арасынан тәуелсіз сарапшыға жібереді. Сарапшы өз кезегінде отырысқа дейін жұмысты қаастырады.

3.9 Комиссия мүшелері келіп түскен материалдарды зерделейді, әмпирикалық зерттеу жобасының мазмұндық және әдістемелік аспектілеріне баға береді, содан кейін отырыс барысында олардың этикалық нормаларға сәйкестігі жөнінде өз пікірлерін білдіреді.

#### **4 Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытынды алу тәртібі**

4.1 Этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындыны диссертация авторының және/немесе (жетекшісінің) жазбаша өтініші негізінде зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) береді. Өтініш нысаны осы Ереженің 1 Қосымшасында келтірілген.

4.2 Комиссия қорытындысын алу үшін авторлар құжаттарды және олардың электронды нұсқаларының сілтемесі түрінде ұсынулары тиіс. Құжаттар комиссияның хатшысына отырысқа дейін екі апта бұрын келесі тізімде беріледі:

- комиссия Тәрағасының атына өтініш (Қосымша А);
- диссертация тақырыбын және ғылыми кеңесшілерді бекіту туралы хаттамадан және бұйрықтан көшірме;
- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;
- докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипт көшірмесі;
- диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі;
- диссертация;
- диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі ((research proposal) окуды бітіргенге 3 (үш) жыл өткен докторантарда бар болуы);
- ҚазҰАЗУ «StrikePlagiarism.com» жүйесінде тексеру нәтижесі;
- диссертацияның техникалық ресімделуін алдын-ала «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-дан (бұдан әрі – YMFTCO) тексеруден өту;
- қорғауға ұсыным беру туралы қаулымен бірге диссертация орындалған кафедраның (құрылымдық бөлімшениң) кеңейтілген мәжілісінің хаттамасы;
- диссертацияның бастапқы құжаттары (Докторанттың жеке жұмыс жоспары бойынша толтырылған далалық журналдар. Далалық журналдардың зерттеу жұмысы бойынша қойылған міндеттерге сай толтырылуы, олардың жүйелі түрде жетекшімен тексерілген, нөмірленген және бауланып тігілген болуы қажет);
- диссертациялық жұмыстар бойынша басқа да құжаттарды қабылдауға дейін этикалық нормаларға сәйкестігін бағалау. Қажет болған жағдайда Комиссия мүшелері кез келген қатысушыдан, сондай-ақ ғылыми жетекшілер мен консультанттардан жүргізілетін зерттеулер туралы немесе эксперименттік сынақтар туралы мәлімет сұратуға құқылы.

Ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын негізгі талап диссертацияны ресімдеудің бекітілген МЕМСТ-қа сәйкес келуі болып Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

табылады. Мұндай бұзушылықтар анықталған немесе осы талаптар сақталмаған жағдайда диссертация ізденушіге Комиссия отырысында қаралмай қайтарылады және түзетілген және тексерілген нұсқасын бермей, ҰМFTCO-дан ресімдеуді тексеру туралы растайтын құжаттармен келесі қарауға жіберілмейді.

4.3 Диссертациялық жұмысқа сараптамалық қорытындыны қарау және дайындау үшін хатшы ұсынылған жұмыстың бейіні бойынша Комиссия мүшелерінің немесе ҚазҰАЗУ-дың ПОК құрамынан тартылған сарапшылардың арасынан сарапшыны тағайындаиды.

Сарапшы отырысты өткізудің белгіленген күніне дейін бір апта бұрын Комиссия хатшысына ескертулерді көрсете отырып, қаралатын жұмыс бойынша қорытындының жобасын және алдын ала қорытындыны ұсынады. Сарапшы дәлелді себептермен отырысқа қатыспаған жағдайда, хатшы сарапшының қорытындысын оқиды, ал Комиссия төрағасы осы мәселені отырыстың күн тәртібіне шығарады.

4.4 Хатшы Комиссия отырысын онлайн/оффлайн конференция форматында айна 2 (екі) рет (өтініштердің келіп түсіне қарай) үйымдастырады. Отрыс басталардан 5 күн бұрын хатшы Комиссияның әрбір мүшесіне қоса берілген құжаттармен бірге диссертация немесе басқа да ғылыми жұмыстардың электронды түрдегі сілтемесін жібереді. Комиссия мүшелері келіп түсken материалдарды зерделейді, эмпирикалық зерттеу жобасының мазмұндық және әдіснамалық аспектілерін бағалайды, содан кейін отрыс барысында эмпирикалық зерттеу жобасының этикалық нормаларға сәйкестігіне қатысты өз түсініктемелерін айтады. Содан кейін Комиссияның әрбір мүшесі келесі шешімдерінің бір нұсқасына ашық дауыс береді:

Диссертация бойынша:

- зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісіне қатысты бұзушылықтар жок;
- диссертацияда зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісіне қатысты бұзушылықтар бар.

4.5 Комиссия қорытындысының жан-жақтылығы мақсатында отрыс өтініш берушінің, сондай-ақ, отандық ғылыми кеңес берушінің не ғылыми жетекшісінің міндетті түрде қатысуымен өтеді. Өтініш беруші комиссия отырысында болмаған жағдайда, жұмысты қарау келесі отырысқа ауыстырылады.

Ізденушіге, ғылыми консультантқа немесе басқа да мүдделі тұлғаларға отырысқа дейін комиссия мүшелеріне, комиссия сарапшыларына қандай да бір қысым көрсетуге немесе олармен жұмысты қарау жөнінде байланысуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Мұндай фактілер анықталған жағдайда комиссия мүшесі немесе сарапшысы осы жұмысты одан әрі отырыста қарамай-ақ қабылдамауға құқылы.

Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

4.6 Комиссия хатшысы айтылған түсініктемелер негізінде және дауыс беру нәтижелері бойынша шешім нұсқасын көрсететін және комиссия қабылдаған этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды дайындаиды (ұлғі осы Ереженің Б Қосымшасында келтірілген). Дауыс беруге қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының 75%-ы және одан да көп дауыс алған нұсқасы комиссия қабылдаған шешім болып есептеледі. Егер нұсқалардың бірде біреуі дауыс беруге қатысқан Комиссия мүшелері санының 75% және одан да көп дауысын алмаған жағдайда, өтінішті қайта талқылау жүргізіледі. Егер зерттеу жұмысы немесе диссертация авторының ғылыми кеңесшісі комиссия мүшесі болып табылса, ол дауыс беруге қатыспайды.

4.7 Қорытынды қазақ (қазақ тілінде орындалған зерттеулер үшін) немесе орыс және ағылшын тілдерінде (орыс және ағылшын тілдерінде орындалған зерттеулер үшін) беріледі. Қорытындыға комиссия төрағасы, хатшысы қол қояды, ҚазҰАЗУ «Ғылым департаментінің» мөрімен бекітіледі. Қорытындыға комиссия төрағасы қол қойған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қағаз түрінде дайындалады. Дайындалған қорытындыны комиссия хатшысы өтініш берушілер алады немесе қорытындының электрондық нұсқасын өтініште көрсетілген электрондық поштасына екі жұмыс күні ішінде жіберіледі.

4.8 Қайта зерделеуге түскен материалдарды қарау 4.2, 4.3 тармақтарда көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

## 5 Комиссия отырысын өткізуудің рәсімдік тәртібі

Зерттеу объектілерінің (адамдардың, басқа да тірі табиғат объектілерінің және тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және олардың нәтижелерін тарату процесінде ғылыми зерттеуді орындаушының этикалық нормаларды сақтауы туралы қорытындыны ұсыну үшін ҚазҰАЗУ жанындағы Этикалық комиссия отырысының рәсімі:

1) кворум (келу парагының нәтижелері бойынша), отырысты өткізуудің заңдылығы туралы Төрағаның кіріспе сөзі, ғылыми зерттеу орындаушының, зерттеу жүргізілген мамандықтың және оның тақырыбының ұсынысы;

2) өтініш берушінің КР Білім берудің ғылыми зерттеулерінің этика кодексінің талаптарын орындау бойынша жүргізілетін эксперименті және басқа да зерттеулер жүргізу туралы сөз сөйлеуі (10 минутқа дейін баяндама);

3) зерттеуді орындаушының Комиссияның сұрақтарына жауаптары;

4) қарауға ұсынылған материалдарға алдын ала сараптама нәтижелерін жариялау үшін Комиссия мүшелерінен тағайындалған сарапшының сөз сөйлеуі;

5) Өтінішті макұлдау/қабылдамау мәселесі бойынша дауыс беруді өткізу;

6) зерттеу объектілерінің (адамдардың, басқа да тірі табиғат объектілерінің және тіршілік ету ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде ғылыми зерттеу Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

орындаушысының этикалық нормаларды сақтауы туралы Қорытынды шығару туралы шешім қабылдау;

7) Комиссияның теріс қорытындысы кезінде – болжамды зерттеу этикалық нормаларға сәйкес орындалмағанын ресми растайтын Комиссия Өтінішті қабылдамаған жағдайда, өтініш берушіні зерттеу ескертулерді ескере отырып, ол пысықталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

## ҚОСЫМША А

**Қорытынды алуға арналған ҚазҰАЗУ зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияға берілетін өтініш үлгісі**

ҚазҰАЗУ зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия Төрағасы

(төраға ТАӘ)

(автордың ТАӘ)

Мамандығы (қызметі), кафедра атауы  
Тел. \_\_\_\_\_  
e-mail \_\_\_\_\_

### Өтініш

Сізден «\_\_\_\_\_»

тақырыбындағы диссертациялық зерттеу құжаттарым бойынша этикалық комиссия отырысында қарастыруды және диссертациялық зерттеуімнің материалы бойынша тиісті қорытынды шығаруынызды сұраймын.

Құжаттар сұратылған тізбе бойынша қоса беріледі.  
<https://cloud.....>

Өтініш беруші автор \_\_\_\_\_  
(ТАӘ)

Қолы  
Күні

**ҚОСЫМША Б**  
**Зерттеулерді этикалық бағалау бойынша комиссия**  
**№ \_\_\_\_ Хаттама, « \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.**  
**Корытындысы**

1.	Докторанттың ТАӘ	
2.	Докторанттың мамандығы	
3.	Докторантура оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер (болған жағдайда) – Т.А.Ә., жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесінде бұзушылықтар	
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізіледі?	

**Этикалық комиссияның төрағасы**

**ТАӘ**

**Этикалық комиссияның хатшысы**

**ТАӘ**

Мер, мерзімі 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ »

## ҚОСЫМША В

**Жоба**

**Ғылыми зерттеулердің этикалық нормаларға сәйкестігі туралы сарапшы  
корытындысы**

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты)

— «\_\_\_\_\_» білім беру бағдарламасы/мамандығы бойынша  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған**  
«\_\_\_\_\_» тақырыбында орындалған

**диссертациялық жұмысы**

Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік  
бағдарламаларға сәйкестігі \_\_\_\_\_

Диссертацияның көлемі, құрылымы, жазу және ресімдеу сапасы \_\_\_\_\_

(жоғары; орташа; төмен)

Диссертация бойынша бастапқы құжаттар осы Ереженің 4.2 тармағына сәйкес болуы

Зерттеу объектілері \_\_\_\_\_

Зерттеу міндеттері \_\_\_\_\_

Зерттеу әдістері \_\_\_\_\_

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы \_\_\_\_\_

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі \_\_\_\_\_

Докторанттың жарияланымдары дәрежелер беру ережелерінің 4, 5, 6, талаптарына  
сәйкестігі \_\_\_\_\_

Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесінде  
бұзушылықтар \_\_\_\_\_

(бар/жоқ)

Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері  
болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізіледі?

Диссертацияга ескертулер

**Зерттеу саласы бойынша сарапшы**

Е ҚазҰАЗУ 604-20 F3 этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ереже

**ТАӘ**

## ҚОСЫМША Г

### КЕЛУ ПАРАҒЫ

Этикалық комиссиясының отырысы № \_\_\_\_ хаттама «\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

№	Этикалық комиссиясы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Этикалық комиссиясы мүшелерінің қызметі	Отырысқа келу (қолы)
1.	Төраға		
2.	Төраға орынбасары		
3.	Хатшы		
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			
11.			
12.			
13.			
14.			
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			

Этикалық комиссиясының төрағасы

тегі, аты, әкесінің аты

Этикалық комиссиясының хатшысы

тегі, аты, әкесінің аты

## ҚОСЫМША Д

## **Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия жұмысы туралы ережемен танысу параграфы**